

Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 2/3 "Приозерск қаласының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 25 /2 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы негізінде, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 2/3 "Приозерск қаласының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысы Н.А. Стамқұлға жүктелсін.

Қала әкімі

Қ. Камзин